

Ж. К. ЖҰМАБАЕВА

ҰЛТТАР ЛИГАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

(ҚР ҰҒА академигі Ф. Есім ұсынған)

Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижелері жойқын әлемдік қақтығыстардан адамзатты қорғайтын халықаралық ұйым құру қажеттігін көрсетті. 1914–1918 жылдарда империалистік мемлекеттердің әлемді қайта бөлісу күресінен туындаған бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижелері халықаралық қатынастардың дамуында жаһандануға жол ашты. Осыған дейін жаһандану мәселесі жекелеген ойшылдар мен гуманистердің қол жетпес армандары болса, бірінші дүниежүзілік соғыс барысы соғыстың алдын алатын, бейбітшілік сақтаудың халықаралық Ұйымын құру қажеттігін дәлелдеп берді. Соған орай Ұлттар Лигасының Статутын (Уставын) дайындап, оның құрылуын жүзеге асырған АҚШ президенті Вудро Вильсон болды. Ол әлемдік саясатта көрнекті қайраткер ретінде ерекше тұлға болды.

Табиғатынан реформатор болған Вудро Вильсон АҚШ сияқты қуатты держава президентінің қызметі нәтижелі болуы керек деген пікірді былай көрсетті: «4 жыл халқының нағыз өкілі емес, өз міндеттерін атқара алмайтын президент үшін ұзақ мерзім, ал ғаламат реформалар жүргізетін президент үшін өте қысқа мерзім» [1].

Алғашқы 4 жыл президенттік қызметінде Вильсон американдық қоғамын реформалау бағытын жүзеге асырып, үлкен беделге ие болды. Өнеркәсіпте 8 сағат жұмыс күнінің енгізілуі, балалар еңбегіне тыйым салу, фермерлік шаруашылықтарға мемлекеттік көмек шаралары экономикада жақсы нәтижелер берді.

АҚШ-тың басшылығымен халықаралық қауымдастық құру қажеттігі американдық қоғамында кең талқыға түсіп, 1917 жылы В. Вильсонның бұл ұсынысын 700-ден аса бизнес топтары қолдады. В. Вильсон 1918 жылы 8 қаңтарда Конгреске жолдауында соғыстан кейінгі бейбіт реттеу жоспарын – «14 пункт» деген атпен ұсынды.

Жаңа халықаралық қатынастарды қалыптастырудың бұл жоспары 14 пункттен тұрды: 1. Антантаның жасырын келісімдерінен жойып, ашық келісімдер жасау; 2. Бейбіт және соғыс уақыттарында кемеде жүзу еркіндігін қамтамасыз ету; Халықаралық саудадағы кедергілерді жою; 3. Қарулануға тыйым салу; 4. Отар мәселесін шешу; 5. Герман әскерлерін оккупациялаған территориялардан шығару; 6. Бельгияны азат ету; 7. Эльзас-Лотарингиядан герман әскерін шығару; 8. Ресейге болашақ саяси құрылымын өзі таң-

дауына құқық беру; 9. Италияның шегаралары туралы мәселені шешу; 10. Австро-Венгрияның қол астындағы халықтарға автономиялық басқару құқығын беру; 11. Румыния, Сербия, Черногориядан әскерлерді шығару; 12. Осман империясы отарларына автономия беру; 13. Поляк мемлекетін құру; 14. Ұлттар Лигасын құру.

Бұл ұсыныстар XX ғасыр басында қалыптасқан саяси жағдайда өте батыл шараларды қамтыды. Вудро Вильсон бұл ұсыныстарды «американдық принциптер» ретінде қабылдап, «әрбір зиялы қоғам мен ұйымның ойынан шығатын бұл принциптер жалпы адамзаттық сипатқа ие, сондықтан оны қолдау керек» деп бағалады [2].

В. Вильсонның отарларға автономия беру туралы ұсыныстары еңірі метрополииялар – Англия мен Франция көңілінен шықпады. Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейінгі жағдайда оған саяси ерік беру туралы ұсынысы да ендемократияшыл ұсыныс болғанмен, Антанта елдерінің ойына сәйкес келмеді. Ал халықаралық саудадағы шектеулерді жою, қарулануға тыйым салу мәселелері бірінші дүниежүзілік соғыстағы Антанта елдерін жетістіктерінен бас тартуға мәжбүр ететін болғандықтан, АҚШ-тың «14 пункт» бағдарламасы Англия мен Франция, Италия тарапынан қолдау таппады. Алайда бұл прогрессивті шараларды әлем жұртшылығы қолдап, АҚШ президенті В. Вильсонның саяси беделі шарықтады.

Кеңестік Ресей, оның басшысы В. И. Ленин бұл бағдарламаны АҚШ мүддесіне лайықталған жоспар деп бағалады. Соған қарамастан «14 пункт» бағдарламасы әлемге жаңа типтегі халықаралық қатынастар көкжиегін көрсетті. Онда әлемнің ортақ тағдыры, мемлекеттердің өзара байланыстылығы туралы идеялар жатты.

Осы 14 пункт ішіндегі ең маңыздысы – халықаралық бейбітшілік ұйымы – Ұлттар Лигасын құру болды. Ұлттар Лигасын құру, оған АҚШ-тың мүше болу мәселесін американдық жұртшылығы қызу талқылады. Алғашында американдық ақпарат құралдары В. Вильсонның «бейбіт бастамаларын» қолдап, Ұлттар Лигасын Европаның аз ұлттарының болашағын ойлайтын ұйым ретінде қабылдады.

Алайда 1918 жылдың аяғына қарай, американдық қоғамы арасында бұл идеяны қолдамайтындар да көбейді. Әсіресе саясаткерлер мен ірі қаржыгерлерді қолдайтын «Чикаго трибун» газеті және Морган, Мел-

лон, Рокфеллер сияқты алпауыттар газеттері қарсы болды. 1919 жылдың басында, Париж бейбіт конференциясы жұмысы кезінде Ұлттар Лигасы құрылғаннан кейін АҚШ-тың оған мүше болуына қарсы болғандар көбейді.

1919 жылы 28 маусымда Антанта елдері мен жеңілген Германия арасындағы Версаль келісіміне қарсы науқан ұйымдастырылды. 1919 жылы қараша айында АҚШ сенаты көпшілік дауыспен АҚШ-тың Ұлттар Лигасына кіруіне қарсылық білдірді. Сенаттағы сәтсіздіктен кейін В. Вильсон АҚШ қалаларын аралап, 8 мың миль жол жүріп, 97 рет сөз сөйледі. Бірақ бұл сапар нәтижесіз аяқталды.

Американ жұртшылығының прогрессивті ұйымы – Ұлттар Лигасынан бас тарту себебіне келсек, 1919 жылы 18 қаңтардан 1920 жылдың 21 қаңтарына дейін созылған Париж бейбіт конференциясы бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін заңдастырды. Соғыс ауыртпалығынан шаршаған елдер бұл конференцияға зор үмітпен қарады. Ұзақ мерзімді қамтитын, қайшылықсыз бейбіт өмірді қалыптастыратын шешімдерді күтті. Оның үстіне соғыстан кейінгі қиын экономикалық жағдайда әлеуметтік төңкерістер қаупі сезіліп, оған Ресейдегі Қазан төңкерісі зор ықпал етті. Соғыстан кейінгі қиын экономикалық жағдайда тұтанып кетуі мүмкін социалистік төңкерістерден қауіптенген Антанта елдері Париж конференциясында соғыс нәтижелерін жедел заңдастыруды көздеді.

Конференцияға Антанта жағындағы 27 елдің, жеңілген 5 елдің өкілдері, барлығы – 32 ел қатысты. Антантаның басты мүшесінің бірі, патшалық Ресей мұрагері – Кеңес өкіметі конференцияға шақырылмады. Оның себебі: *біріншіден*, Кеңес өкіметі 1918 жылы наурызда Германиямен сепараттық Брест бітіміне қол қойып, Антанта елдерімен одақтастық шартын бұзды. *Екіншіден*, Кеңес өкіметін пролетариат диктатурасы ретінде ешбір ел мойындағысы келмеді.

Конференция жұмысын жеңілдету мақсатында бірнеше комитеттер құрылды. Басқарушы орган «10-дық Кеңес» құрылып, оған Англия, Франция, Италия, АҚШ, Жапонияның мемлекет басшылары мен Сыртқы істер министрлері кірді. Кейін «10-дық Кеңесте» тек мемлекет басшылары қалдырылып, ол «5-тік Кеңес» деп аталды. Жапонияның шығып кетуіне байланысты бұл орган «4-тік Кеңес» боп қайта құрылды. Конференция барысында оның құрамынан Италия шығып кетіп, барлық мәселелерді Англия, Франция және АҚШ өкілдерінен құралған «Үлкен Үштік» шешетін болды. Англияның премьер-министрі – Ллойд Джордж, Францияның премьер-министрі – Жорж Клемансо және АҚШ президенті – Вудро Вильсон бүкіл әлемдік қайта құру-

ларды жүзеге асыруға тиіс болды.

Сөйтіп, Париж конференциясының алғашқы мәжілістері-ақ, одақтастар, яғни Антанта елдері арасындағы алауыздықты байқатты. Әр ел соғыс нәтижелерін өз мүддесіне жаратқысы келді.

Тек кеңестік Ресей мәселесі, социалистік төңкеріс қаупі барлық капиталистік елдерге төнген қауіп саналып, Антанта елдері осы мәселеде ғана ортақ позиция ұстанды.

Президент Вильсон соғыстан кейінгі әлемде қаржылық басқару, өнеркәсіп пен сауда саласы АҚШ-тың қолында болады деп мәлімдеді [3]. Англия мұны мойындауға мәжбүр болды, себебі ол соғыстан кейін әлемдік лидер рөлінен айрылып, АҚШ-қа қарыздар елге айналды. Соған қарамастан Англия саяси басшылықты қолдан бергісі келмеді. Сөйтіп, Англия мен АҚШ бақталастығы кейінгі бейбіт реттеу мәселелерінде ортақ шешім қабылдауға кедергі болды. Нәтижесінде өзінің экономикалық қуатына сенген АҚШ ұсыныстарын қабылданбай, Англия мен Франция өз ұсыныстарын қабылдатты.

Вильсон ұсынған «14 пункттің» көптеген пункттері өзгертіліп, тек Ұлттар Лигасын құру туралы пункт толық жүзеге асты. В. Вильсонның өз бағдарламасын конференция шешімдеріне енгізе алмауы АҚШ-тың өз ішінде қарсылық туғызды. АҚШ монополистері Вильсонды «әлемдік гармония» туралы қиялге армандары үшін қатты сынға алып, америка монополияларының қажеттілігі үшін тиімді жағдайлар жасай алмағандағы үшін кінәлады.

Олар Ұлттар Лигасының болашағына сенімсіздікпен қарап, «бәрібір әртүрлі капиталистік елдер бір ұйым шеңберінде ортақ келісімді қызмет істей алмайды» деген пікірді қолдады. Осылайша, Ұлттар Лигасы құрылмай тұрып-ақ, АҚШ-тың билеуші топтары өз президентінің ұсынысына қарсы шығып, АҚШ-тың Ұлттар Лигасына кіруіне қарсылық білдірді.

Осындай шым-шытырық жағдайларға қарамастан, көптеген талас тартыстан кейін, Париж бейбіт конференциясының пленарлық мәжілісінде, 1919 жылы 28 сәуірінде Лиганың Уставы бекітілді. Ол «Статут» деп аталып, конференциядағы қабылданған келісім шарттардың құрамдас бөлігі ретінде енгізілді. Статут бойынша Ұлттар Лигасының жұмысшы органдары болып, Лига жиналысы (Ассамблея) және Лига Кеңесі құрылды.

Лиганың жоғарғы органы – Жиналыс, оған Лигаға мүше елдердің өкілдері кірді. **Лига Кеңесі** – ұлы державалар өкілдерінен тұрды. Ондағы 4 тұрақты және 4 уақытша өкілдер жиналыс сессиясы арқылы сайланып қойылды. Лига хатшылығы – Лиганың штаб-квартира-

сымен бірге Женева қаласында (Швейцария) орналас-ты. Бұл органдардан басқа Еңбектің халықаралық бю-росы, Гаага қаласында орналасқан Халықаралық Әділет Тұрақты Комиссиясы және Рухани ынтымақта-стық Комитеті құрылды.

Париж конференциясы кезінде Ұлттар Лигасын құру барысында үлкен пікірталас өрбіді. Лигаға мүше елдер саны метрополиалардың автономиялық отар елдерін қосқанда, барлығы 44 ел болды. Лигаға кірген елдер әлем территориясының 60%-ын, халық саны-ның 70%-ын қамтыды. Ұлттар Лигасының құрылуын әлем жұртшылығы үлкен қуанышпен қарсы алды. Бұл ұйым мемлекеттер арасындағы жік пен қайшылықтар-ды жоятын, бейбітшілік пен тұрақтылық орнататын ме-ханизм болады деп үміттенді. Көптеген елдерде Ұлттар Лигасын қолдау қоғамдары құрылды.

Алайда, кейбіреулер Ұлттар Лигасын алдау құралы ретінде танып, оның тек ұлы державалардың мүддесіне қызмет ететінін айтты. Лига құрылған кезде ұлы дер-жавалар – Англия, Франция тиімді жағдайларда бол-ды. Ұлттар Лигасында басшылық орындарды иемден-ген олар, оны өз мүдделері үшін пайдаланды. Сөйтіп, Лига өз алдына қойған ұлы мақсаттарды, мемлекеттер арасындағы келісімді қатынастарды орната алмады. Соған қарамастан Ұлттар Лигасының әлем мемлекеттерін бір ұйымға біріктіруінің үлкен тарихи маңызы бар. 1920 жылы 16 қаңтарда Ұлттар Лигасы өзінің алғашқы мәжілісін бастаған күні адамзат өмірінде жаңа дәуір басталды [4].

Ұлттар Лигасы құрылған күннен бастап өзінің Ста-тутына сәйкес қызмет атқарды. Ұлттар Лигасы-ның Статуты қарама-қайшы пікірлердің қосындысы (симбиозы) болғандығы оның жұмысында кедергілер туғызды. Жеңілген елдер – Германия, Австрия, Венг-рия, Болгария және Түркиямен жасалған Версаль, Сен-Жермен, Трианон, Нейи және Севр келісімдерінің құрамдас бөлігіне айналған Лига Уставы немесе Ста-туты өзі жариялаған мақсаттарын толық жүзеге асыра алмады. Ол жариялаған әділетті әлемдік тәртіп, халық-тардың теңдігі, мемлекеттер арасындағы тең қарым-қатынастар және тағы басқа да принциптер Еуропаның ұлы державаларының мүдделеріне сәйкес келмеді. «Ұлттық және мемлекеттік егемендік туралы» принцип-тер іс жүзінде орындалмады. Басты дәлел Кеңестік Ресейдің Ұлттар Лигасына енгізілмеуі және оны әлем мемлекеттерінің танудан бас тартуы болды.

Сонымен қатар, жеңілген елдер – Германия, Авст-рия, Венгрия, Болгария және Түркияның мүдделері ескерілмей, олармен әділетсіз келісімдер жасалды. Жеңген елдердің территориялық бөліністерін бекітті. Ұлттар Лигасы Статутына енгізілген мандаттық басқа-

ру принципі де ұлттар мен мемлекеттердің егемендігі принциптеріне сәйкес келмеді. Отарлардың мемлекеттік егемендігі танылмай, оларды басқарудың жаңа жүйесі – Ұлттар Лигасының мандаты арқылы билеу енгізілді. Отарлардың метрополиалары (Англия, Франция, Ита-лия, Голландия) енді өз отарларын Лига мандатымен басқаратын болды.

Мандаттық басқарудың 3 түрі енгізілді: 1. Бірінші түрі бойынша Осман империясы отарларының тәуелсіздігі уақытша танылды. Сырт көзге тәуелсіз Сирия, Ливан, Иордания, Палестина, Ирак, Ливия си-яқты елдер Англияның мандаттық жүйесіне, Сирия мен Ливан – Францияның мандаттық жүйелеріне тартыл-ды. 2. Мандаттық басқарудың екінші формасы – Орта-лық Африка елдерін басқаруға қолданылады. Оларға құл сатуға, қару-жарак, ішімдік сатуға тыйым салы-нып, ар, ұят, дін бостандығы негізінде басқарылды. 3. Үшінші түрі – Оңтүстік-Батыс Африка және Тынық мұхит отарлары, олар қамқорлыққа алған елдер заңы-мен басқарылды.

Мандат беруге Ұлттар Лигасы конференциясы құқылы болды. Мандаттық басқару отарлық басқару-дың бүркемеленген түрі еді.

Лига Статуты агрессияға мүлде тыйым салмады. Оның 12 және 15 баптары соғыстан бас тартуға шақыр-мады, тек халықаралық талас жағдайларында соғыс қимылдарын бастауды 3 айға кейінге қалдыруды талап етті [5]. Лига аса қауіпті қайшылықты талас мәселе-лерге араласып, кінәлілерді анықтайтын тергеуші ұйым ретінде жұмыс атқаруы тиіс болды. Бұл қызметті Лига Кеңесі, халықаралық Сот атқарды.

Сонымен қатар, Лига агрессияны бастаушы елдерге қарсы қоғамдық пікір қалыптастырып, олар-дың соғыстан бас тартқызуға ықпал етуі жоспарланды. Өмір мұның дұрыс еместігін көрсетіп берді, шын мәнінде, агрессияшыл мемлекеттер Статутпен санас-пады. Ұлттар Лигасы Статутында соғысты болдырмауға қажетті барлық әдістерді қолданып, талас шешілмеген жағдайда соғыс ашуға рұқсат берілді. Мұндайда аг-рессор-мемлекет Лиганың мүше мемлекеттеріне қарсы соғыс жағдайында болады деп түсінілді [6].

Ұлттар Лигасы құрамы кейінгі жылдарда жаңа мем-лекеттермен толықты. 1921 жылы оның бюджеті – 20 млрд 250 млн алтын франкті құрады [7]. 1923 жылы Лиганың консультативтік тұрақты комиссиясы өзара көмек туралы келісімдердің жобасын дайындауға кірісті. Бұл жобаның 1-бабы «агрессиялық соғысты – халықаралық қылмыс» деп танып, келісімге қол қойғ-ан елдер соғысты бастамауға міндеттеме алды. 29 мемлекеттің ұсынысымен жасалған бұл жоба ақырын-да қабылданбады.

Сонымен қатар, 1924 жылы «халықаралық талас мәселелерді бейбіт шешуді» міндеттейтін Женева хаттамасы деген атпен белгілі жоба жүзеге аспады. «Соғысты-қылмыс» деп айыптайтын шешімдер Лиганың 1925 және 1927 жылдардағы 6-8 жиналыстарында қабылданды. Бұл шешімдердің міндеттеу құқығы болмағандықтан ештеңе шықпады. Лиганың жоғарғы органы – Ассамблея немесе Жиналыстарының шешім қабылдаудағы бірауыздылық принципі де кері әсер етті [8]. Бір немесе бірнеше мемлекет қарсы дауыс берген жағдайда шешім қабылданбайтын болды. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында агрессорға санкция беру мәселесі осылайша шешілмеді.

Лига Статуты (Уставы) Лига Кеңесіндегі тұрақты өкілдерге ерекше құқық пен жауапкершілік жүктемеді [9]. Лига Статуты өзінің кемшіліктеріне қарамастан халықаралық құқық жүйесінде өзгеріс енгізді. Бұрынғы халықаралық құқық бойынша соғысты бастаушы мен қорғанушы елдер бірдей құқықтық жағдайда саналса, енді агрессия бастаушы және агрессия құрбаны түсініктері енгізіліп, соңғысына көмек беруге келісілді. Алайда, бұл жүзеге аспады. Агрессор елге әскери санкция қолдану туралы 16-бап бірде-бір рет күн тәртібіне қойылған жоқ. Лига қарусыздану мәселесінде де әлсіздік танытты. Ұлттар Лигасының Статутында қарусызданудың нақты шаралары енгізілмеді. Статуттың 8-бабында «қарулануды мемлекеттің қауіпсіздігіне қажетті деңгейге дейін азайту» [10] туралы айтылды.

Десек те, Ұлттар Лигасының бірнеше конференциясы қарусыздану мәселесін талқылап, арнайы органдар құрылды. Олардың қатарында «Қарусызданудың Уақытша Комиссиясы» бар, ол 1925 жылы қарулануды шектеу мен қысқарту конференциясы Дайындау Комиссиясы болып өзгертілді. Лиганың бұл бағыттағы жұмысы нәтиже бермеді. Дегенмен, қазіргі күн тұрғысынан қарасақ, мұны қарусыздану мәселесіндегі алғашқы қадам ретінде бағалауға болады. Бұл тәжірибе кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының қарусыздану конференцияларына негіз болды.

Ұлттар Лигасының саяси қызметін талдай келе, оның Кеңес мемлекетіне қатынасын айтпауға болмайды. Құрылған күннен бастап, антикеңестік бағыт алған Лига, ақ гвардияшыларды қолдап, Колчак өкіметін Ресейдің өкілі ретінде таныды. 1920–1921 жылдардағы Кеңес өкіметіне қарсы шетел интервенциясын қолдады. Лиганың антикеңестік пиғылына Кеңес өкіметінің «әлемдік социалистік төңкеріс жасап, капитализмді жою» жоспарлары да әсер етті.

1934 жылы құрамы 30 мемлекеттен тұратын Ұлттар Лигасы Кеңес Одағын мүшелікке шақырды. Оған Еуропада фашистік және нацистік диктатуралар-

дынагрессиялық жоспарларын жариялауы ықпал етіп, екінші дүниежүзілік соғыс қаупі жақындағаны себеп болды. КСРО Ұлттар Лигасында фашизмге қарсы ұжымдық қорғаныс жүйесін қалыптастыру ұсынысын берді. Бұл да нәтижесіз аяқталды.

Ұлттар Лигасының саяси қызметін сәтсіз деп бағалауға болады. 1931 жылы Жапонияның Маньчжурияға, 1935–1936 жылдарда фашистік Италияның Эфиопияға, 1938 жылы нацистік Германияның Австрияны, 1939 жылы Чехословакияны жаулап алуына кедергі қоя алмаған Ұлттар Лигасы, 1939 жылы 1 қыркүйектегі Германияның Польшаға шабуылынан басталған әлемдік соғысты болдырмау әрекетін жасай алмады. Тек бір рет қана Ұлттар Лигасы Италияға экономикалық санкция қолданды. Лига 2 рет Колумбия мен Перу арасындағы 1932–1934 жж. жанжалға араласып, соғысты тоқтатты. 1932–1935 жж. Боливия мен Парагвай арасындағы соғысқа араласты [11].

Лиганың КСРО-мен қарым-қатынасы ұзаққа созылған жоқ. Ұлттар Лигасына 1934 жылы мүше болған КСРО, 5 жылдан кейін, кеңес-финн соғысы басталысымен, Финляндияға соғыс ашқан агрессор деп бағаланып, 1939 жылы 14 желтоқсанда Лига құрамынан шығарылады.

Ұлттар Лигасының саяси қызметінің нәтижесіздігінің бірнеше себептері бар: 1) Лига құрамында АҚШ-тың болмауы; 2) Лиганың әлсіздігі. Агрессорды тоқтату үшін міндетті түрде әскери күш қажет. Мұндай қажеттілік Ұлттар Лигасы Статутында белгіленбеген, тек әскери санкция қолдану ғана қарастырылған [12].

Бейбітшілікті сақтау жолындағы Ұлттар Лигасының сәтсіздігін кейбір саясаткерлер болашақ соғыстың болатындығына сенбегендігінен деп көрсетті. Париж бейбіт конференциясынан кейін қалыптасқан Версаль-Вашингтон халықаралық жүйесі бейбітшіліктің кепілі болатындығына сенді. Сөйтіп, Ұлттар Лигасын құрған ұлы саясаткерлер көрегендік таныта алмады. Көп жылдар өткен соңадамзат тек татуластыру мен бейбітшілікке бейімдеу шараларының соғыстың алдын алуда жеткіліксіз болғандығын дәлелдеді. Соғысты тоқтатудың барлық әдісі, әскери әдістерді қолданудың қажеттігі Ұлттар Лигасының Уставында бекітілмегендіктен, оның саяси қызметін әлсіретті. Нәтижесінде Ұлттар Лигасы соғысты болдырмауды жүзеге асырмады. Ұлттар Лигасы құрылғанынан 20 жылдан кейін екінші дүниежүзілік соғыс басталды.

Ұлттар Лигасының сәтсіздігінің себептерін бір арнаға келтірейік:

1. Соғысты сөзсіз болдырмау концепциясы енгізілмеді; 2. Ұйым мүшелері мен басқарушы органдардың міндеттілігін жүзеге асыратын механизм болған

жок; 3. Лиганың әскери күші болмады, агрессорды тоқтататын нақты шаралар жүзеге асырылмады; 4. Шешім қабылдаудағы бірауыздылық принципі олардың норындауларын қиындатты; 5. Ұлттар Лигасының қызметіне әлемнің екі жүйеге бөлінуі кері әсер етті.

Социализмді әлем елдеріне экспорттау мақсатын қойған КСРО батыстық демократия елдерін өзіне қарсы қойды. Еуропаның бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен елдері өздерінің ұлттық мүдделері мен геосаяси жоспарларынан шыға алмады. Париж конференциясы қабылдаған Версаль жүйесі Германияға тонаушылық шарттар қойып, онда нацизмнің пайда болуына алғышарт жасады.

Десек те, Ұлттар Лигасы халықаралық қатынастардың жаңа деңгейін қалыптастырды. Өзінің саяси қызметіндегі, яғни соғысты болдырмаудағы сан алуан кемшіліктеріне қарамастан, Ұлттар Лигасының тәжірибесі қазіргі кезеңдегі халықаралық бейбітшілік ұйымы – Біріккен Ұлттар Ұйымына негіз болды.

Өз дәуірінің ерекшеліктерінің табын сақтаған Ұлттар Лигасы өзі жариялаған мақсаттарға жете алмай, саяси салада сәтсіздікке ұшырағанымен, әлеуметтік-экономикалық салаларда халықаралық ынтымақтасу негізін салды. Ағылшын тарихшылары Ұлттар Лигасының денсаулық сақтау, халықаралық еңбек заңдылықтары және босқындар мәселесін шешудегі шараларын жоғары бағалады. Ұлттар Лигасы опиум комиссиясын құрып, оны өндіру көлемін шектеу, есірткі саудасына тыйым салуға арналған арнайы конференциялар ұйымдастырып, шешімдер қабылдады. Ұлттар Лигасы өз тарихында алғаш рет, өнеркәсібі жоғары дамыған елдердің дамушы елдерге жаңа технологиялар беру, бай және кедей ұлттар арасындағы айырмашылықтарды жою, артта қалған аймақтарды дамыту, ана мен бала проблемаларына, білім беру және мәдениет, кәсіптік дайындау сияқты мәселелерді халықаралық қауымдастықтың бірлесіп шешу бағыттарын ұсынды.

Сөйтіп, қазіргі заманғы әлемдік экономикалық саясаттағы мемлекеттердің өзара тығыз байланыстылығына Ұлттар Лигасы негіз салды. Ұлттар Лигасы Статутындағы әлеуметтік-экономикалық қызмет бағдарламалары болашақ халықаралық ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мекемелерінің негізін салды. Олар – Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы, ЮНЕСКО, ЮНКТАД, МОТ және т. б. [13].

Ұлттар Лигасы туралы Кеңес тарихшыларының біржақты сыни көзқарастары оның әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салалардағы қызметін объективті бағалауға кедергі болды. Дегенмен, КСРО ыдырағаннан кейін Ұлттар Лигасының қызметі шын-

дық тұрғысынан бағаланды.

Ұлттар Лигасының гуманитарлық, халықаралық құқықтық мәселелер, еңбек қатынастарын реттеуге бағытталған шараларының тәжірибелік маңызы үлкен. Бұл бағыттар кейін БҰҰ қызметінде жалғасын тапты. Әлеуметтік салада адам құқықтарын халықаралық деңгейде бекітуді жүзеге асырған Халықаралық Еңбек Ұйымы қазірге дейін қызмет етуде.

Сонымен қатар, қазіргі жаһандық проблемалар: есірткі бизнесімен, кедейшілікпен күрес, дамыған және дамушы елдер арасындағы экономикалық байланыстар, қару-жарақ саудасына бақылау қою, эпидемиялармен бірлесіп күресу сияқты жоспарлары өзінің өзектілігін әлі жойған жоқ. Сол себепті саяси қызметіндегі қателіктеріне қарамастан, Ұлттар Лигасы халықаралық ұйымдар тарихындағы маңызды белес қалдырған, халықаралық ынтымақтастыққа жол ашқан ұйым болғандығы даусыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Иваньян Э.А.* Белый дом: президенты и политика. М., 1979. С. 48, 69.
2. *Иваньян Э.А.* От Вашингтона до Дж. Буша. М., 1991. С. 94-98.
3. *Иваньян Э.А.* Белый дом: президенты и политика. М., 1979. С. 65.
4. Конференция ООН в Сан-Франциско // Советский Союз на международных конференциях периода ВОВ 1941–1945: Сборник документов. М., 1980. Т. 5. С. 174.
5. Хрестоматия по новейшей истории 1917–1945. М., 1987. 71-б.
6. *Морозова Г.И.* Лига Наций // Вопросы истории. 1992. № 2-3. С. 162-165
7. *Морозова Г.И.* Указ. работа. С. 167.
8. *Морозова Г.И.* Указ. работа. С. 165.
9. Хрестоматия по новейшей истории 1917–1945. М., 1987. С. 70.
10. Хрестоматия по новейшей истории 1917–1945. М., 1987. С. 71.
11. Конференция ООН в Сан-Франциско // Советский Союз на международных конференциях периода ВОВ 1941–1945: Сборник документов. М., 1980. Т. 5. С. 174–175.
12. Хрестоматия по новейшей истории 1917–1945. М., 1987. С. 70.
13. *Морозова Г.И.* Указ. работа. С. 166.

Резюме

Рассмотрены история создания Лиги наций и ее международное значение.

Summary

This article is dedicated to the history of the creation of the League of nations and to his international importance.

Атырау университеті

29.05.06ж. түскен күні